

БЕКІТЕМІН
«Жәңгір хан атындағы Балық
Қазақстан аграрлық-техникалық
университеті» КЕАҚ
басқарма төрағасы-ректоры
Наметова А.М.
« 05 » _____ 2022 ж.

**БІЛІМ БЕРУ МЕНЕДЖМЕНТІ ЖӘНЕ МОНИТОРИНГ
БАСҚАРМАСЫ САРАПШЫСЫНЫҢ**

ЛАУАЗЫМДЫҚ НҰСҚАУЛЫҒЫ

СМЖ.07.ЛН.44.

№ 03 басылым

№ ___ дана

Дайындалды: 02.09.2022 ж. Алмағамбетова М.Ж.	Келісілді: 04.09.2022 ж. Губашев Н.М. Ихсанов Е.Б.	Енгізілді: 08.09.2022 ж. СМЖ.07.ЛН.44. 07.09.2022 ж. орнына Қайта қаралуы: 08.09.2022 ж.
--	---	---

Мазмұны

1. Бағыты
2. Қолданылуы
3. Лауазымдық міндеттері
4. Жауапкершілігі мен өкілеттігі
5. Құжаттама
6. Сілтемелер

Өзгерістер				
№	Енгізілген мерзімі	Беттер нөмірі	Дайындаушы	
			Тегі, аты, әкесінің аты	Қолы

1. Бағыты

Бұл Нұсқаулық Қазақстан Республикасының «Еңбек кодексі» және «Білім туралы» Заңына сәйкес дайындалған.

2. Қолданылуы

Бұл Нұсқаулық Білім беру менеджменті мен мониторинг басқармасының (ББМЖМБ) сарапшысына арналған.

3. Лауазымдық міндеттері

3.1. ББМЖМБ сарапшысы міндетті:

3.1.1. СМЖ құжаттамасын қайта қарау мен уақытылы өзгерістер енгізуді бақылауды жүзеге асыру.

3.1.2. Білім беру қызметтерінің мониторингі бойынша жұмыстарға жәрдем көрсету.

3.1.3. Білім алушыларды даярлау бойынша институттардың/факультеттің оқу-әдістемелік жұмысын үйлестіруді жүзеге асыру.

3.1.4. Жоғары оқу орны ішіндегі нормативтік құжаттарды әзірлеуге қатысу.

3.1.5. Университетте білім беру қызметінің инновациялық бағыттарын, әдістері мен нысандарын дамыту жөніндегі іс-шараларды өткізуге қатысу.

3.1.6. Инновациялық білім беру технологияларын талдауға және оларды университеттің оқу процесіне енгізу мүмкіндіктерін анықтауға қатысу.

3.1.7. Университет бөлімшелері қызметінің сапасын мониторингілеу, талдау және бағалау бойынша ұйымдастырушылық-әдістемелік және ақпараттық іс-шаралар жүйесіне қатысу.

3.1.8. Университет туралы статистикалық есепті деректерді жинауды және дайындауды жүзеге асыру.

3.1.9. ПОҚ, институттардың/факультеттің қызметін бағалауға қатысу.

3.1.10. СМЖ-ң жұмыс істеуі туралы материалдар жинауға және ақпаратты басшылыққа ұсынуға қатысу.

3.1.11. Іскерлік қарым-қатынас этикасын, Жарғы, ішкі тәртіп ережелерін, еңбекті қорғау және қауіпсіздік нормаларын сақтау.

3.1.12. Ұжымда салауатты моральдық-психологиялық ахуалды сақтау.

3.1.13. Өз өкілеттіктері шегінде СМЖ-ң жұмыс істеуін қолдау.

3.1.14. Басшылықтың біржолғы тапсырмаларын орындау.

3.2. Бағыныштылығы:

3.2.1. ББМЖМБ-ң сарапшысы университеттің басқарма төрағасы-ректордың бұйрығымен тағайындалады және қызметтен босатылады.

3.2.2. Сарапшы өз қызметінде ББМЖМБ-ң басшысына бағынады.

3.3. ББМЖМБ сарапшысы білуі қажет:

3.3.1. Жоғары оқу орындарының қызметін регламенттейтін Қазақстан Республикасының заңнамалық және нормативтік құқықтық актілерін, жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білім беруді дамытудың басым бағыттарын айқындайтын республикалық, өңірлік және жергілікті басқару органдарының шешімдерін.

3.3.2. Елдің жоғары білім беруді дамыту перспективаларын, университетті дамытудың орта мерзімді перспективаға арналған басым бағыттарын және оларды іске асыру жөніндегі негізгі шараларды.

3.3.3. Нормативтік құжаттарды әзірлеу әдістемесі мен ретін.

3.3.4. Кредиттік оқыту технологиясы бойынша оқу процесін ұйымдастыру қағидалары, қашықтықтан, интерактивті және телекоммуникациялық оқыту технологияларының әдістері мен құралдарын.

3.3.5. Университеттің Жарғысын, ішкі тәртіп ережелерін және орындалатын жұмыс мәселелері бойынша жоғары оқу орны ішіндегі нормативтік құжаттарды.

3.3.6. Өз өкілеттіктері шегінде СМЖ құжаттарын.

3.3.7. Осы лауазымдық нұсқаулықты.

3.3.8. Еңбек заңнамасының негіздерін.

3.3.9. Еңбекті қорғау ережелері мен нормаларын.

3.3.10. Сарапшының құзыретіне кіретін барлық мәселелерді толық білуі, ұйымдастырушылық қабілеттері, жоғары жауапкершілік сезімі, жеделдігі, толеранттылығы, адамдармен жұмыс істеу қабілеті болуы тиіс.

3.3.11. Мемлекеттік тілді іскерлік деңгейде білуі, ДК-де жұмыс істей білуі тиіс.

3.3.12. Өз біліктілігін үнемі арттырып отыруы керек.

3.4. Біліктілік талаптары:

Тиісті мамандық бойынша жоғары (немесе жоғары оқу орнынан кейінгі) білімі, еңбек өтіліне талап қойылмайды.

4. Жауапкершілігі мен өкілеттігі

4.1. ББМжМБ сарапшысы жауапты:

4.1.1. Қазақстан Республикасының қолданыстағы еңбек заңнамасында айқындалған шектерде осы лауазымдық нұсқаулықта көзделген өзінің лауазымдық міндеттерін орындамағаны (тиісінше орындамағаны) үшін.

4.1.2. Өз қызметін жүзеге асыру процесінде жасалған құқық бұзушылықтар үшін – Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасында айқындалған шектерде.

4.1.3. Материалдық залал келтіргені үшін – Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасында айқындалған шектерде.

4.1.4. СМЖ саласындағы міндеттемелер мен талаптарды сақтамағаны үшін.

4.2. ББМжМБ сарапшысы өкілетті:

Университеттің әртүрлі құрылымдық бөлімшелерімен қарым-қатынаста ББМжМБ басшысының мүдделерін білдіруге.

4.3. ББМжМБ сарапшысы құқылы:

4.3.1. Университет басшылығының өз лауазымдық міндеттерін атқаруы үшін қажетті жағдайларды қамтамасыз етуге.

4.3.2. Кәсіби біліктілік деңгейін арттыруға.

4.3.3. Университеттегі білім беру процесін жақсарту бойынша ББМжМБ басшысының қарауына ұсыныстар енгізуге.

4.3.4. Университетте білім беру қызметтерін мониторингтеу процесіне қатысуға.

4.3.5. Өзінің кәсіби ар-намысы мен қадір-қасиетін қорғауға.

4.3.6. Ұйымдастырушылық және әдістемелік қызметтегі жетістіктері үшін материалдық және моральдық көтермелеуге.

4.3.7. Жылына ұзақтығы 30 күнтізбелік күн көлеміндегі ақылы еңбек демалысын алуға.

5. Құжаттама

-

6. Сілтемелер

ҚР Еңбек кодексі 23.11.2015 ж. №414-V.

ҚР «Білім туралы» Заңы (өзг. мен толық.).

ҚР «Ғылым туралы» Заңы 18.02.2011 ж. №407-IV.

ҚР «Қазақстан Республикасындағы тіл туралы» Заңы 11.07.1997 ж. №151.

ҚР «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес туралы» Заңы 18.11.2015 ж. №410-V.

ҚР-да жоғары білімді және ғылымды дамытудың 2023-2029 жылдарға арналған тұжырымдамасы, ҚР Үкіметінің 28.03.2023 ж. №248 қаулысымен бекітілген (өзг. мен толық.).

ҚР БҒМ 20.04.2011 ж. №152 бұйрығы. Оқытудың кредиттік технологиясы бойынша оқу процесін ұйымдастыру ережелерін бекіту туралы (өзг. мен толық.).

ҚР БҒМ 29.11.2007 ж. №583 бұйрығы. Оқу-әдістемелік жұмыстарды ұйымдастыру және жүзеге асыру ережесі.

Жәңгір хан атындағы Батыс Қазақстан аграрлық-техникалық университетінің 2024-2029 жылдарға арналған даму бағдарламасы, 29.12.2023 ж.

Жәңгір хан атындағы Батыс Қазақстан аграрлық-техникалық университетінің Жарғысы.

ҚР СТ ИСО 9001-2015. Сапа менеджментінің жүйелері. Талаптар.

СМЖ.08.ҚЕ.28. – Академиялық саясат.

СМЖ.08.ҚЕ.06. – Университеттің ішкі тәртіп ережесі.